


АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. АБАЯ



**МДІК ҚАУЫМДАСТЫҚ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ.
ҚР-НЫҢ БҰҰ-НА КІРУІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ**

Дөңгелек стол материалдары
1 наурыз 2012 ж.

**МИРОВОЕ СООБЩЕСТВО И РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН.
К 20-ЛЕТИЮ ВСТУПЛЕНИЯ РК В ООН**

Материалы круглого стола
1 марта 2012 г.



ҚОҒАМДЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ - ДАМУ КЕПШІ

*Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, журналистика факультеті
ф.ғ.к., доцент*

Қабылғазина К.

Бұрынғы Кеңес одағы тұсында Қазақстан интеграциялық үрдістерден тыс қалды. Өйткені, жабық жүргізілген саясат республикадан тыс болып жатқан ақпараттарға жол ашпады. Ұзақ жылдар бойы жүргізілген бір ғана идеологияның әсерінен мемлекет жан-жақты дамудан шет қалды. Кейіннен Кеңес одағы ыдырап, мемлекетіміз тәуелсіздік алған соң барып қана еуропалық өмірге көз тігіп, халқының әлеуметтік жағдайы жоғары болып отырған мемлекеттерге зер сала бастадық. Өмірдің заманың беталысын жіті байқаған Қазақстанның Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еуропалық интеграцияға аса назар аударды.

Еуропалық интеграция халықаралық үрдістердің дамуына әсер етуші күш ретінде халықаралық қатынастар дамуының объективті құрылымдық негізі, ал әлемнің саяси жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Сонымен қатар Еуропалық интеграция бүгінгі таңдағы ең дамыған интеграциялық үрдіс ретінде қарастырылады. Қазіргі таңдағы халықаралық қатынастардағы интеграциялық үрдістер әлемнің даму тенденциясы мен заңдылықтарының негізі болып есептеледі. ХХІ ғасырда әлемдік және аймақтық мәселелерді бірлесе шешу интеграция мен ғаламдану үрдісінің талабымен байланысты болып отыр, яғни ешқандай мемлекет өз мәселелерін жеке шеше алмайтындығын көрсетеді. Шындығында бұл жайды бүгінгі таңдағы бүкіл әлемдік интеграциялық бірлестіктер, одақтар және топтардың жиынтығымен түсіндіруге болады. Солардың ішіндегі ең маңыздысы интеграциялық бірлестік Еуропалық Одақ болып отыр. Бұл мәселенің өзектілігі өзгермелі әлемдегі маңызды әрекет етуші фактор ретіндегі Еуропалық Одақ шеңберіндегі саяси интеграциялық үрдістермен түсіндіріледі, өйткені бұл үрдіс Еуропалық экономикалық интеграцияның жетістікті аяқталуымен және саяси интеграциялық үрдіс Еуропа Федерациясын құрудағы маңызды баспалдақ болып отыр. Еуропалық Одақ әлемдегі ең дамыған және жемісті интеграциялық бірлестік болып табылады. Тарихи өлшемдегі елу жыл ішінде – Одақ экономикалық сипаттағы шағын субаймақтық топтан өзінің жеке басқару аппараты бар және қоғамдық өмірдің әр түрлі сфераларында өз қызметін жүзеге асырып отырған әмбебап біліктіліктегі шынайы еуропалық интеграциялық бірлестікке айналды.

Қазақстан егемендік алған соң ең ауыр қиындықтарға тап болды. Ол – халықтың тұрмысы мен көңіл-күйіне тікелей әсері бар экономика саласында туды. Халықтың тарихи санасында болмаған нарықтық жолға түстік. Экономиканы ырықтандыру, қоғамдық мүлкті жекешелендіру, колхоздар мен совхоздарды тарату процесі басталды. Бағаға шек қойылмай, хаосты жағдайға жетті. Нәтижесінде бұрынғы қалыптасқан шаруашылық жүйесінің 40 пайызына дейін жоғалып кетті. Ауылда да, қалада да халықтың тұрмысы күрт төмендеді, жұмыссыздық жайлады. Әрбір заттың бағасы он-жүз еселеп өсті. Бір жартылық арақты, он кесек сабынды ауылға апарып, орнына бір қой алғандарды, тіпті ірі қара малдардың өзін майда-шүйде заттарға айырбастаған адамдарды көріп, мен публицист ретінде осы мәселелерге қалам тартқаным бар еді. Жұмыссыздықтың аяғы қылмыстық әрекеттерге апарды, арлы-берлі өткен жолаушыларды, саудагерлерді тонау басталды. Сөздік қорымызға жана «рәкет» деген сөз қосылды.

Өз ішімізде, басқа да елдермен қалыптасқан экономикалық байланыс үзілді, көптеген кәсіпорындар жұмысын тоқтатты немесе жартылай ғана жұмыс істеуге мәжбүр болды. Мұндай күйге қазақстандықтар неге түсті деген сұрақ туады. Одақ тарау барысында кеңестік идеология құлаған соң, сол идеологияға негізделген экономика да құлаудың алдында тұрды. Өйткені, Қазақстанда шығатын заттың әр бөлшегі әр жақтан әкелінетін, өнімді шығару үшін бірі болса бірі болмай қалатын жағдайда тұрдық. Экономика саласында жалғыз бізге ғана есем, басқаларға да күйреу қаупі туды. Оған қоса нарық экономикасы бізге жат құбылыс болатын. Оның қыр-сырын білетін мамандар да жоқ еді. Халық қорқа қарады. Және де басымыздан өтіп жатқан тарихи формация да қолайлы болмады. Әлем тарихында капитализмнен социализмге өткен елдердің тәжірибесі бар, ал кері қайтқан, социализмнен капитализмге түскен ел болған жоқ, ол осы егемендік алған 28 ел еді. Оған әлемдік тәжірибе куә. Бұрында «біз феодализмнен бірден капитализмді аттап социализмге өткен елміз» деп біздерді кеңес мектебінде оқытатын еді. Енді тағы сондай келелі өзгерісті бастан кешіріп отырған қазақ халқы да нағыз толерантты халық екенін көрсете білді.